Педагогтеріміздің қалалық «Ойнада ойлан!» семинарында тәжірибе алмасуы. Балабақшамызда «Ашық есік» күніне орай шара ұйымдастырылып, ата-аналарымыздан алғыс алуы.

«KEMEL USTAZ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналына педагогтер материалдар жариялап, сертификаттар мен алғыс хаттарға ие болды.

4. Тәрбиелеу – білім беру процесі

Мектепке дейінгі білім беру ұйымы әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылды.

Салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады. Тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды.


Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Жылдық жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтуі, базалық оқу жоспарындағы әрбір жас кезеңдеріне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелеріне сай жасалынған.

Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру бойынша балалардың машықтары мен дағдыларының даму мониторингінің көрсеткіштері

Бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілген (бастапқы қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында). Тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларын дамуын бақылау бойынша бастапқы, аралық және қортынды мониторинг нәтижелері туралы 2022-2023 оқу жылының жинақ есебі жасалынды.

Тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларын дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері туралы 2022-2023 оқу жылының жинақ есебі

№	Оқу жылдары	Бастапқы	Аралық	Қортынды
1	2022-2023ж	51%	79 %	95%



Мониторинг Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде жасалады. Физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру деңгейін анықтау. Мониторингтің электронды материалдары мен хаттамалары жүйелі түрде әдістемелік кабинетте жинақталынып тіркелінген.

Қорытынды: осылайша салыстырмалы диаграммалардың салыстырмалы хаттамаларында 2022-2023 оқу жылдарында балалардың диагностикасын қадағалай отырып, білім беру деңгейі мен психикалық процестердің даму деңгейі жеткілікті деңгейде екенін атап өткен жөн, бұл жүйелі мақсатты жұмыс пен тәрбиеленушілердің алдағы мектепте оқуға дайындығын көрсетеді.

Балалармен жұмыс: Баланың бөбекжай - бақшаға қалыптасуы, балалармен қарым-қатынасы, ата-анамен қарым-қатынасы, тәрбиешілермен қарым-қатынасы, баланың қиын кезеңдерімен жұмыс, топта психологиялық ахуалы бар баламен жұмыс, тәрбиешілермен жұмыс, әкімшілікке әлеуметтік-психологиялық көмек т.б ата-аналармен жұмыс: жанұялық тәрбие стилін анықтау, психологиялық ағарту және профессионалды (дәріс, әңгіме, әдебиеттер ұсыну) түзету және дамыту жұмыстарын жүргізу.

Ата-анамен жұмыс барысында: дөңгелек үстел, кеңестер, ашық есік күндері, спорттық сайыстар, мерекелік шаралар ұйымдастырылуда. Атап айтар болсақ, «Бақытты отбасы» фото көрме, «Қош келдің- өз наурыз!» наурыз мерекесі, «Алақай қыс келді!» сурет көрмесі.

Әдістемелік жұмыстың бағыты педагогикалық кеңес арқылы жүзеге асырылып отырады. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша машықтар мен дағдылардың дамуына мониторинг жүргізілді. Мектеп пен бөбекжай - бақша арасындағы сабақтастық жақсы жолға қойылған. Осы бағытта Қасым Қайсенов,

орта мектеппен тығыз байланыста жұмыс жасап келеді. Әр жыл сайын жаңа оқу жылының басында бөбекжай - бақша мен мектеп арасындағы байланыстың жоспары құрылады. Қыркүйек айында «Мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныпта оқытудың өзара сабақтастығы тақырыбында ересек топ тәрбиешілерімен бірлесе отырып жұмыстар өткізілді. Оған Фариза Оңғарсынова орта мектептен бастауыш сынып мұғалімдері шақыртылып, өз ой-пікірлерімен бөлісті. Мектепалды тобы тәрбиеленушілері ата-аналары арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша бөбекжай - бақшада білім алған балалардың бөбекжай - бақшаға бармаған балалардан көп айырмашылығы бар екендігін, себебі олар өз ойларын ашық айтып, жеткізе алатындығын, білімге, өнерге қызығушылықтарының ерекше болатындығын көрсетті.

5. Оқу - тәрбиелік жұмыс

Бөбекжай - бақшада Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім туралы» Заңның орындалысы бойынша, оқу-тәрбие жұмысы жаңа мемлекеттік білім беру нормативтік стандартымен жұмыс жасады. Қазіргі замандағы білім беру сапасы педагог-мамандардың кәсіби шеберліктеріне, тәжірибесі мен біліміне байланысты. Сондықтан мектепке дейінгі мекемеде педагогикалық құрылымның сапасы сұрыпталу бойынша жүргізілінеді. Қызметкердің лауазымдық міндеттері мекеме жарғысымен, мектепке дейінгі мекеме тәртібіне сай нормативтік-құқықтық құжаттармен келісіліп уақытылы, парасатты, жүйелі іске асырылады. Мектепке дейінгі мекемесінің оқу жоспары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттың ережелеріне сай жасалынған. «Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі құрылған:

Тәрбиеленушілердің іс-әрекеттері мен жас ерекшелігі ескерілген. Базалық оқу жоспарында әрбір жас кезеңдеріне арналған оқу жүктемесінің шеңбері белгіленген. Оқу қызметінің тиімділігі балалардың жағымды көңіл-күйіне байланысты болады. Оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесі, өтілуі педагогикалық кеңесте, топтық және жалпы ата-аналар жиналыстарында қаралып отырылады.

Оқытумен тәрбиелеу жұмысымен айналысуға құқылы лицензиясы бар. Бөбекжай – бақшада балаларды жан-жақты дамыту үшін барлық жағдайлар жасалған. Бөбекжай – бақша топтары жас ерекшеліктеріне сай топтастырылған. Бөбекжай – бақшада ән-саз, психолог, интеллект ойын бөлмелері бар.

Арнайы пән мұғалімдері: Психолог маманы, музыка жетекшілері, дене шынықтыру маманы жұмыс жасайды.

Бөбекжай-бақшамызда психолог кабинеті 1 қабатта орналасқан. 13 жылдық еңбек өтілі бар педагог-психолог маманы Жолдыбаева Айгерім Мирқызы психолог бөлмесін өз тәжірибесіне қарай жасақтап алды.

1 шкаф, 1 ойын үстелі, балаларға арналған диван-кресло, ойыншықтармен жабдықталған, психологиялық сауықтыру бұрышы және «Айналайын» кеңес

пункіті мен жылжымалы папкілері бар. Ата-аналармен, тәрбиешілермен, балалармен жылдық жоспар бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп отырады. Балалармен психодиагностикалық ойындар, жаттығулар, тренингтер, мониторинг жүргізіліп тұрады. Ата-аналарға кеңестер беріліп, сауалнамалар жүргізіледі. Психолог маманының мақсаты: тәрбиеленушілердің психологиялық ойын арқылы ойлау, қабылдау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Білім беру процесінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсету.(жылдық жоспары, жұмыстары қосымшада жалғанды)

Бөбекжай-бақшада хореография маманы Ишангалиева Орынгул Ризабековна 12 жылдық еңбек өтілі бар. Хореография маманы мен саз залы біріктірілген. Музыкалық орталықпен, 2 микрофон, 2 калонка, музыкалық аспаптармен , биге арналған айнамен жабдықталған.

Шаруашылық меңгерушісі – Шынтаева Айнур Рахметоллақызы, білімі орта, мамандығы «салық ісі» , жалпы еңбек өтілі 10жыл, осы мекемеде 3 жыл. Шаруашылық меңгерушісінің инвентарлық кітаптар толық жазылып, жүргізілген.

Меңгеруші кабинеті- 1 қабатта орталық кіре берісте орналасқан. Онда 1 офистік жиһаз, 2- орындық, құжаттарға арналған 1 шкаф, киім ілетін 1 шкаф, 1 телефон, 1 сейф, 1 компьютер, 1 принтер, ҚР мемлекеттік ту, елтаңба бар.

Әдістемелік кабинет- 2 қабатта орналасқан. Кабинетте 2 жұмыс үстелдер, 1 ноутбук, 1 принтер ,1 телефон, 2 құжаттарға арналған шкаф, 1 киім ілуге арналған шкаф, әдістемелі бұрыш, 5 сала бойынша хабарлама тақтасы бар.

Бөбекжай - бақша топтары теледидармен, видео, аудиумагнитофон, әдістемелік және көрнекілік құралдар, ұлттық тұрмыстық бұйымдар, үй жабдықтары, дидактикалық электронды құралдар мен балаларға арналған ертегі кітаптар, ойыншықтармен толығымен жабдықталған. Оқу тәрбие жылына балаларға арналған республикалық журналдарға жазылдық. Балалардың білім деңгейін анықтау үшін жылдың басы, ортасы және аяғында бағдарламаның меңгеру мониторингісі жүргізіледі.

Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері.

№	Сайыстар атауы	Өтілу мерзімі	Қатысушының аты-жөні . Топтар	Иеленген орын, номинация
1	Мектеп жасына дейінгі балалар шығармашылығының облыстық «Айгөлек»қалалық фестивалінде «Театр-сахналық шығармашылық» номинациясы	2023ж	«Құлыншақ» тобы Бекболат Әділ, Сатыбай Ерназар Әуез Аңсарбек Шатыбай Гүлназым Рахым Данияр Аманжол Жаннур Бауыржанқызы Айым Манас Іцкәр	ІІІ жүлделі орын
2	Мектеп жасына дейінгі балалар шығармашылығының «Айгөлек»	2023ж	«Құлыншақ» тобы Бекболат Әділ,	Бас жүлде

	қалалық фестивалінде «Театр-сахналық шығармашылық» номинациясы		Сатыбай Ерназар Әуез Аңсарбек Шатыбай Гүлназым Рахым Данияр Аманжол Жаннұр Бауыржанқызы Айым Манас Іңкәр Кабдел Нұрхат Бақытжанқызы Аружан	
3	Мектеп жасына дейінгі балалар шығармашылығының «Айгөлек» қалалық фестивалінде «Көркем сөз көсемі» номинациясы	2023ж	Бекболат Әділ -5 жас	Алғыс хат
4	Мектеп жасына дейінгі балалар шығармашылығының «Айгөлек» қалалық фестивалінде «Хореография» номинациясы	2023ж	Ересек топ тәрбиеленушілері	«Алғыс- хат»
5	Мектеп жасына дейінгі балалар шығармашылығының «Айгөлек» қалалық фестивалінде «Вокал» номинациясы	2023ж	Шатыбай Гүлназым	Алғыс хат
6	2023ж VII Халықаралық балалар мен жасөспірімдерге арналған «Танцевальный фейерверк» би сайысы.	2023ж	Ересек топ тәрбиеленушілері	I–дәрежелі диплом

«KEMEL USTAZ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналына педагогтер материалдар жариялап, сертификаттар мен алғыс хаттарға ие болдық.

Ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын дүниетанымы жоғары жан-жақты қалыптасқан қабілетті жеке тұлға тәрбиелеуге, ұлттық тәрбиені ұштастыра отырып, рухани және дене тәрбиесінің жетілуіне педагогтардың тәрбие беруде ықпалы зор.

Тәрбиешілер балаларға берілетін білімнің сапалылығына, меңгеруіне жеңіл де тиімді болуына әртүрлі ойындар, көркем де әдемі көрнекіліктерді, таңғажайып сәттерді, көптеген жағдайлар мен жаңашыл тәсілдерді енгізіп, білім алу қажеттілігін ынталандырады.

Оқу-тәрбие жұмысында жеке тұлғаны адамгершілікке, ақыл-ойының және сана сезімінің жетілуіне, рухани байлығын және эстетикалық сезімінің дамуына қор жинақталуына жағдай жасалынған. Көрсетілген мақсатқа жетуде келесі қызмет түрлерін іске асырады:

- балаларды тереңдетілген тұлғалық–бағдарлы тәрбиелеу және оқыту, мектепке дайындау, баланың физиологиялық және психикалық денсаулығын нығайту, түзету және қалыптастыру;
- балаларды жан-жақты дамыту, балалардың қызығушылығы мен ата-аналар арқылы балалармен жұмыс істеудің жаңа түрлері мен әдістерін құру және енгізу;
- 5-6 жастағы балаларды жалпы орта білім берудің алғашқы сатысына дайындау;

- қызметкерлердің балабақша үшін үлес қосқан еңбектерін марапаттау;
- қызметкерлердің шығармашылық дамуына жағдай жасау;
- қоғамымыздың әрбір мүшесінің құқығын қорғау.

Адам тәрбиелеу – ең қиын да жауапты жұмыс. Сол қиындықты терең сезінетін, үлкен жүректі, ізгі ниетті адам ғана ұстаз бола алады. Ол үшін әрбір ұстаздың бойында терең білім, өз ісіне деген төзімділік, мейірімділік, адамгершілік қасиеттері болу керек.

Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер.

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен жайы	Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (номері)	Лицензия берген мекеме
1	2	3
Атырау қаласы, Атырау облысы, Атырау ауылдық округы	№KZ03VBM00436193 Берілген күні: 28.03.2016ж	Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасы. Атырау облысы әкімдігі.

2022-2023 жылдар аралығында балалардың денсаулығын сақтау және аурудың алдын- алу жұмысының салыстырмалы талдауы.

№38 «Аққайың» бөбекжай-бақшасында медициналық қызметкерлер дәрігерлермен бірлесе отырып, бөбекжай-бақшадағы балалардың өмірін, денсаулығын қорғау және оларға медициналық-әлеуметтік жағдай туғызу үшін төмендегідей шаралар жүргізді.

2022-2023 жылы - 160 бала

1. Бөбекжай-бақшаға келген балаларды бақылау.
2. Туған күндеріне, анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне қарай балаларды топқа бөлу.
3. Балаларды тәрбиелеу жағдайын, бөбекжай-бақша ішілік тазалығын үнемі қадағалап отыру.
4. Балалар ауруының алдын алу жағдайларын қадағалау, «Д» есепте тұрған балаларды дер кезінде тексеруден қткізіп, сауықтырып отыру.
5. Балалардың өсіп-дамуын, денсаулығын үнемі қадағалап отыру, арнайы дәрігер мамандардың тексеруін, зертханалық тексеруін, тағы да басқа жұмыстарды кезең-кезеңмен ұйымдастырып отыру.
6. Бөбекжай-бақша әкімшілігі күн тәртібінің орындалуын қатаң бақылауға алады, санитарлық-тазалықты сақтауды талап етеді.

Бөбекжай – бақшада арнайы медбикелік бөлме бар. Бөбекжай – бақшаның медбикесі Мухамбетьярова Алтын Қуанышовна Еңбек өтілі – 26 жыл, білім - арнаулы орта.

Медбикелік бөлмесінде күнделікті балаларды жас ерекшеліктеріне қарай белгілеп, тексеріп, егу жұмыстары күнтізбелік жоспарға байланысты ауылдық медициналық пункт қызметкерлері жүргізіледі. Диспансерлік тіркеуде тұрған балалар уақытылы мамандарға жіберіліп отырады. Медициналық құжаттар белгіленген тәртіпке сай жүргізіледі. Жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында сауықтыру және жаздық сауықтыру-шынықтыру іс-шаралары жүргізіледі.

Мысалға: нүктелі массаж, тыныс алу жаттығулары т.б. Жыл бойына балаларды арнайы мамандардың тексеруінен өткізіп отырады. Антропометрия жылына 3 рет тексеруден өтеді.

Медициналық қызметкер балалардың денсаулығын нығайту мен алдын алу тұмау аурулардың болмау мақсатында мерзімдерге байланысты мұрын қуысына оксалин майын жағу, үшінші тағамға «С» дәруменін қосу шараларын, йод тапшылығы бойынша емдік шараларын жүргізеді. Тұз, нан, ашытқы (дрожь) сияқты құрамында йоды бар азық-түліктер тағамға пайдаланылады.

Медбике күнделікті ас мәзірінің кестесін дайындап, бала санын көрсетіп, жас ерекшеліктеріне қарай астың мөлшерін көрсетіп, белгілеп отырады.

Бөбекжай - бақшадағы бракераж комиссиясы СанЕЖН-нің талаптарына сай жұмыс жүргізеді.

Бөбекжай – бақшадағы тамақты дайындау алдын ала дайындалған тамақ кестесінің жоспарына сай дайындалып, тамақтың шығымы, дайындалу технологиясы сақталынады. Бөбекжай - бақшаның қызметкерлерімен және ата-аналармен әр уақытта балалардың мәдени-гигиеналық талаптарын сақтау туралы, алдын ала жұқпалы ауруларды болдырмау, тазалық және алғашқы көмек көрсету туралы үгіт-насихат жұмыстарын жоспар бойынша жүргізеді.

Бөбекжай – бақшада балалар денсаулығын жақсарту үшін төмендегі әр түрлі кешенді іс-шаралар жүргізіледі:

- Йодтық тапшылықтың алдын-алу шаралары үнемі және жүйелі түрде жүргізіліп келеді;
- Тұмаудың алдын-алу шаралары: оксалиндік жақпа майы, лимон сусыны, пияз, сарымсақ алқасы.
- Балалар денсаулығын жақсарту бойынша медициналық-алдын-алу кеңесінің жүйелі жұмысы бала денсаулығының күшеюіне ықпал жасайды, әсіресе жиі ауыратын балалар тобымен жүргізілген жұмыс нәтижесін айта кету керек.


Шынықтыру шаралары сыртқы ортаның түрлі әсеріне ағза төзімділігін жоғарлататын, қоршаған орта жағдайына тез қалыптасуына әсерін тигізетін іс-шаралар жүйесі өткізілуде. Сауықтыру-шынықтыру шаралары негізінде жас ерекшеліктеріне сай балалардың ұйқыдан оянып, тұрғаннан кейін жасалатын көптеген жаттығулар түрлері жүргізіледі, атап айтқанда: майтабандылықтың алдын алу барысына денсаулық жолдарымен жүру, сергіту жаттығулары, нүктелі массаж, тыныс алу жаттығулары, тағы басқа денсаулықты нығайту және сақтау іс-шаралары жолға қойылған.

Ай сайын медициналық қызметкердің жоспарына сай балалар үшін емдеу-профилактикалық ем-шаралар мен сауықтырушылық ем-шаралар: фитонцидтермен (сарымсақ, пияз) сауықтыру, мұрынның ішіне оксалин майын жағу, үшінші тағамды дәрумендеу және т. с. с. жүргізіледі. Жалпы медициналық бөлме "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 9-қосымшасына сәйкес жабдықталған. Медбикелік бөлменің қызмет атқаруға лицензиясы бар (тіркелді). Бөбекжай - бақшада ембикесі мен топ тәрбиешілері бала денсаулығын нығайту бағытында жасалатын жұмыстар бойынша тығыз байланыста. Ай сайын тәрбиеленушілердің ауруы мен келуіне талдау жүргізіледі.

Науқастану және қатысу қорытындысы

Атауы	Оқу жылы(анықтама күндері)	
	2022-2023 ж	
	саны	%
Науқастық күндер	3895 к	42,4%
Суық тиіп ауырған балалар саны/күні (ЖРВИ)	150 1300к	6,1%
Жалпы науқас саны	340 к	
Аурудың пайыздық көрсеткіші	63,1%	

2019-2020 жыл – 194 анықтама	
ЖРВИ-150	95,9%
Бронхит- 8	2,6%
Соматикалық аурулар- 190	1,5%



Денсаулық көрсеткіштерінің талдауы

Балабақша бойынша	2023
Балалардың қатысуы	100%
Тұрақты қатысуы	45%
Ауруына байланысты босатуы	9%
Басқа себептермен босатуы	46%

6. Оқу-материалдық активтер

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігі және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып бөбекжай-бақшаның материалдық-техникалық қоры жаңа заманауи талаптарға сай. Топ бөлмелері балалардың жас ерекшелігіне сай ескеріліп, жабдықталған, дамытушы орталарға бөлінген, жаңа дизайнмен безендірілген. Айта кетсек табиғат орталығы, әдеби орталық, құрылыс құрастыру орталығы, өнер орталығы, емхана орталығы, жол ережелер бұрышы, сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы арнайы жабдықталған. Танымдық қызығушылықтарын жетілдіруге арналған дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша дене шынықтыру іс-әрекеттері топтарда өтеді. Соған байланысты барлық топтарда денсаулық бұрышы жасақталған. Онда күнделікті таңертеңгі жаттығулар кешенін өткізетін құралдармен жабдықталған. Сонымен қатар дене шынықтыру іс-әрекетіне қажетті құралдардың барлығы денсаулық бұрышында жинақталған. Табиғат бұрышы барлық топтарда баланың жас ерекшеліктеріне қарай жасақталған. Ең алдымен кіші тобынан бастап мектепалды топ балалардың жас ерекшеліктеріне қарай стендылармен жасақталып, жылдың 4 мезгілі, ауа-райының болжамына байланысты, апта күндерінің бейнелерімен, суреттерімен безендірілген. Сонымен қатар барлық топтарда ең алдымен қажетті гүлдермен толықтай жабдықталған. Кіші топтарда үлкендердің көмегі арқылы бақыланатын болса, ересек, мектепалды топтарында табиғат бұрыштарында аптасына бір рет еңбек жұмысын жасайды. Балалар еңбек жұмысын жасаудағы киімдерін киіп, тәрбиешілердің көмектерімен бірге гүлдерді суарып, түптерін қопсытып, жапырақтардың шандарын сүртіп еңбекке баулуда. Сонымен қатар кейбір топтар аквариуммен жабдықталған. Барлық топтарда ойын бұрыштары талапқа сай жасақталған. Ойын бұрышында балаларда дамытуға арналған жас ерекшеліктеріне сай ойыншықтармен жинақталған. Кіші топтарда сенсорикалық ойындар, жоғарғы топтарда сюжеттік

ойындар жинақталған. Атап айтатын болсақ шаштараз, дүкенші, аспазшы, құрылысшы т.б.

Сонымен қатар барлық топтарда шығармашылық бұрыштары жинақталған. Ол бұрышта сурет салу, мүсіндеу, жапсыру ұйымдастырған оқу қызметіне қажетті құралдармен жабдықталған. Барлық топтарда театр және кітап бұрыштары байланыстырылып жасақталған. Театр бұрышында жас ерекшеліктеріне байланысты театр түрлерімен жинақталған. Атап айтатын болсақ үстел үсті театры, қуыршақ театры, көлеңке театры, фланелеграф театры, саусақ театры көрнекіліктері бар. Бірнеше топтарда ертегілерді байланыстырып, вариативтік компонентты қосып отыр. Театр жұмысы бөбекжай бақшамызда жақсы жолға қойылған. Кітап бұрышында да жас ерекшеліктеріне орай ертегі кітаптармен жабдықталған, аптасына бір рет кітаппен жұмыс жүргізіледі. «Ұлттық бұрышы» жасақталынған. Ұлттық салт-дәстүрлерге байланысты ұлттық бұйымдармен жабдықталған, атап айтатын болсақ салт дәстүрлерге байланысты буклеттермен, ұлттық ойындар- картатекаларымен, ұлттық ыдстармен және стендылармен жасақталған. Және де осы мектепалды топтарында тәжірибелік бұрыш та жасақталған. Ол бұрышта жер шары глобусы, құм сағаттар, компас, лупа, ыдыстарға бөліп салған: құм, тас, қайыршақ, қарақұмық, күріш т.б тәжірибе жасауға қажетті заттар бар. Тәжірибе бұрышы оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оның міндеттері жасөспірімдердің негізгі табиғи-ғылыми өкілдіктерінің дамуын, сондай-ақ байқау дағдыларын, белсенді танымды қалыптастыруды қамтиды. Егер ол дұрыс жасалса, балаларды қызықтырады, ойлануға үйренеді, кез-келген тақырыпты қалай жан-жақты зерттеу керектігін түсінеді. Жабдықтарымен бірге өмір сүру қауіпсіздігі талаптарына, сондай-ақ балалардың денсаулығына, сондай-ақ презентацияның жеткіліктілігі мен қолжетімділігіне қатысты қағидаттарды сақтау қажеттілігі ескерілген.

Бөбекжай-бақша мұздатқыштармен, технологиялық құрал-жабдықтармен, жиһаздармен және төсек әбзелдері, орамалдармен түгелдей жабдықталған. Балалардың көңіл-күйінің қалыпты жағдайда болуына арналған психолог бөлмесі бар. Музыка, би іс-әрекеттерін сапалы жүргізуге музыка бөлмесі аспаптармен жабдықталған. Дене шынықтыру оқу қызметтерін сапалы жүргізуге барлық топтар спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Баланың даму жағдайларына қойылатын жалпы талаптарға сай келеді. Барлық серуен кезіндегі ойын алаңдарда көлеңке түсіретін бастырма, ойын жабдықтары және құммен ойнайтын орындар орналастырылған. Сонымен қатар бөбекжай - бақша ауласы көгалдандырылған, яғни гүлдер мен гүлзарлар, ағаштар көп отырғызылған.

Ас бөлмелер арнайы технологиялық құралдармен жабдықталған. Бөлме ішінде ауа алмасу құрылғысы жұмыс істейді. Арнайы жеке ет, көкөніс, тағам саласына қарай тоңазытқышар, қамыр, бакалея бөлімдері арнаулы белгімен белгіленген. Тағам дайындайтын электр плиталары жүйелі түрде жұмыс істейді. Шикі тағам өнімдерін қабылдағанда оларды өлшейтін арнайы электронды таразы бар. Мұнда барлығы бірінші өлшеніп, одан ары қарай қоймаға өтеді. Шкафтар мен тоңазытқыштар жеткілікті, қоймада стеллаждар қойылған. Барлық азық-түліктерге сәйкестік куәлігі бар. Азық-түлік әкелетін кәсіпкерлермен келісім шарт

жасалынған. Балалар 3 рет тамақтанады. (Таңғы ас, түскі ас, бесін ас) Үшінші тамаққа дәрумендер қосылады.

Кір жуатын бөлмеде, әр топтың кір төсеніштері қабылданып арнайы себетке салынады. Кір жуатын 2 кір жуғыш машина (автомат) орналасқан. Кірлеген заттарды құрғақ күйінде арнайы себетте бөлмеде сақтаған жөн. Кір үтіктеуге арналған, кір кептіруге арналған құрал-жабдықтар бар. Мектепке дейінгі мекемедегі баланың денсаулығын демеу және сақтау қорларының талабы мектепке дейінгі нормативтік құжаттарға сай келеді.

7. Ақпараттық ресурс және кітапханалық қор

Ақпараттық мәдениет - бұл, ең бастысы адамның интеллектуалды белсенділігі болғандықтан, жаңа ақпаратқа үнемі қажеттілік, оны өңдеу және өз бетінше түрлі мақсатта қолдану талап етіледі.


Бөбекжай-бақшада 2-компьютер, 2 - ноутбук, оның 4-уі интернет желісіне қосылған, 1-сканер, 2 принтерімен, 13- теледидар топтарда, 13 –ауа тазартқыш фильтр топтарда, 1-проектор, 1- музыкалық орталық, 1- күйсандық саз залында орналасқан. Жылжымалы бактерецидтық лампа 13 топта бар.

Бөбекжай-бақшамыздың кітапхана қорында әдеби және әдістемелік кітаптар, журналдар мен газеттер бар.

Сонымен қатар педагогикалық үрдіс заманауи жабдықтарымен және көрнекі құралдармен жабдықталған. Педагогтарды керекті әдістемелік құралдармен, нұсқаулармен, әдебиетпен және мерзімді баспалармен толық қамтамасыз етіп отырады.

8. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

Білім беру салаларының 2022-2023 жыл аралығындағы деңгейлік көрсеткіштері



Ұжым қызметі деңгейінде педагогтардың алдыңғы қатарлы тәжірибесін енгізу, зерттеу

Мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына әсер ететін бөбекжай – бақша қабырғасында қолданылған педагогтардың көп жылдық жан-жақты тәжірибесі біздің жетістігіміз болып табылады, сондықтан да ол зерттеліп,

әріптестердің жұмыстарына енгізілуге ұсынылып отырылады. Педагогикалық ұжым аудан көлемінде ашық оқу қызметтерін, педагогикалық кеңес, бақылау мен басшылық, семинарларға қатысып, жаңа заманға сай қарқынды дамып, тәжірибе алмастырылуда.

МДҰ-да ғылыми-тәжірибе әдістемесі-педагогтардың бірлесе әдістемелік сұрақтары және кәсіби мәселелерді бірлесе талқылауы, іс-тәжірибелерді өзара бөлісуі, жас педагогтарды үйрету болып табылады. Әрбір ғылыми қызмет тәжірибеден басталады. Сондықтан, жұмысты жоспарлап, өткізу үшін әр педагогтың белгіленген білімі болуы керек және талдау, зерттеу, дағдыларын білуі керек. Педагогтар ғаламтордағы әр түрлі ақпараттарды, өз әріптестерінің тәжірибелерін оқып өз білімдерін көтереді. Педагогтардың алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерін жинақтау, зерттеу барысында тәрбиешілердің іс-тәжірибелері басылымдарға жарияланды.

Бөбекжай - бақшамызда әрбір педагог маманның педагогикалық шеберлігін және творчестволық потенциалын өсіруге жағдай жасалған.

**Мектепке дейін білім беру жүйесінің дамуына арналған жаңа,
инновациалы бағдар саласындағы алдыңғы қатарлы
педагогикалық тәжірибені жетілдіру.**

Қазіргі таңда ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық тәрбиені, адамгершіліктің асыл қасиеттерін қалыптастыру маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Осы ретте ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, тілдің, халықтық педагогиканың тағдыры мен болашағы бөбекжай-бақшамыздағы тәлім-тәрбиеге байланысты екені анық. Барлық уақытта баланы қоғамда әдемі, инабатты әдептілікке тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлген. Бағдарламада балалармен, ата-аналармен, педагогтармен жұмыс бағыты, түрлері мен әдістері көрсетілген.

Педагогтардың қызмет сапасы тиімділігінің көрсеткіші кәсіби мәдениет болып табылады. Біздің ұжым қызметінің басты бағыты-жалпы және кәсіби мәдениетін дамыту. Бөбекжай-бақша педагогтарының кәсіби дамуы-адамның өз кәсібінің шебері, нағыз кәсіби шебері болып қалыптасу мақсатында жүретін ұзақ үрдіс.

Біздің ұжымда бұл жұмыс әр педагогқа оның шығармашылық еңбекке ынтасы, табиғи қабілеті, ой-пікірі, еңбек тәжірибесі есепке алына отырып, дифференциалды бағдар деңгей ретінде ұйымдастырылған түрлі бағдарламалар қолданылады:

- сенімді жұмыс атқаратын педагогтар;
- ерекше бақылау мен көңіл аударуды талап ететін педагогтар;
- тәжірибесі мол әріптестерінің көмегіне иек артатын жас педагогтар.

Педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер, психологиялық тренингтер, семинар және басқа да жұмыс түрлері өткізіліп, бөбекжай - бақшадағы педагогтармен жүйелі жұмыс жүргізіледі. Дәстүрлі әдіс-тәсілдермен бірге, белсенді тәсілдер, іскерлік ойындар, пікір-сайыс, дөңгелек үстел, ойға шабуыл, шеберліктерін көрсету сияқты әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданады. Осындай жұмыстың түрлері педагогтардың шеберлігін арттыруда, өзін-өзі бағалауға, әдеби кітаптарды өз жұмысына пайдалана білуіне, ізденімпаздықтарын арттыруға жетелейді. Педагогтардың шығармашылық мүмкіншіліктеріне кәсіби өсу деңгейі

мен жеке бағыттық педагогикалық құзыреттілігінің өзгерістері әсерін тигізеді. Педагогтардың кәсіби өсу деңгейін, әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық мәдениетін, шығармашылығын анықтау үшін мониторинг көрсеткіштері жүргізіледі.

Бөбекжай-бақша және отбасы қарым-қатынас деңгейін бағалау

Жоспар бойынша ата-аналармен барлық іс-шаралар өз деңгейінде өтіледі. Әрбір топ тәрбиешілері өз ата-аналарымен түрлі тақырыпта сайыстар, дөңгелек үстел, кеңестер өткізіп, ата-ананың балабақшаға деген көзқарасын өзгертіп, қызығушылығын арттырады. Спорттық мерекелер: «Әкем, шешем және мен, спортшымыз шетінен!», «Денсаулық күні», «Отбасы таланты» сайыстары ата – аналардың атсалысуымен өткізіледі. Айына бір рет ашық есік күндеріне қатысып, бөбекжай-бақша өмірімен танысып, өз пікір – ұсыныстарын айтады. Мұндай іс-шаралардың нәтижесі бүгінгі таңдағы білім жүйесін жетілдіруге өзіндік үлесін қосады. Мектепке дейінгі ұйыммен отбасы арасындағы толыққанды қарым-қатынасты ұйымдастыру педагогикалық ұжым қызметіндегі аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Ұжымның осы бағыттағы жұмысының мазмұны жоғарыда қысқаша баяндалды. Тәрбиешілер ата-аналармен тығыз байланыс жасап, топтық ата-аналар жиналысын ашып, үнемі сапалы кеңестер беріп отырады, психологпен бірлесіп, бала мен отбасы қарым – қатынасына мән беріп, педагогикалық-психологиялық көмек беріліп отырады, сауалнамалар жүргізіліп, бөбекжай-бақша педагогтарына талаптары туралы анықтамалар жинайды, бірлескен жұмыстар арқылы кемшіліктерді анықтап, оларды жою мақсатында жұмыстар жүргізеді.

Қорытынды: Бөбекжай-бақша туралы ата-аналардың жалпы пікірі жақсы, оқу іс-әрекеттері мен тәрбие жұмыстарына қанағаттанарлық баға берді. Отбасымен бірлесіп жүргізілетін баланы психологиялық қорғауды қамтамасыз етуі барысына іс-шараны жемісті ұйымдастыру психолог маманымен келісе өткізу пікірін ескеру.

Ұсыныс:

Тәрбиешілердің мектепке дейінгі білім беру ұйымдастыру нысанасында баланың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес даму жолдарын арттыру.

Тәрбиешілерді курстарға, семинарларға, кеңестерге қатыстыру арқылы одан әрі жетілдіру және біліктіліктерін, білімдерін көтеру. Заманауи технологияларды қолдануға үнемі өз білімдерін жетілдіру, жан-жақты өз көзқарастарын кеңейту үшін алға ұмтылыс жасау

КМҚК №38 «Аққайың» бөбекжай-бақшасы

Кезектен тыс педагогикалық кеңес ХАТТАМАСЫ

Күні: 26.05.2023ж

Қатысқандар: 22 педагог

Комиссия төрайымы:

Мүшелері:

Конырова Л.С - меңгеруші м.а

Султаналиева З.Ф – әдіскер

Сейтмуханбетова А.А – дене шынықтыру
маманы

Сапарова А.А - тәрбиеші

Жолдыбаева А.М– психолог

Рахметуллина А.Н- тәрбиеші

Күн тәртібінде:

1. №38 «Аққайың » бөбекжай-бақшасы МКҚК жұмысты бағалау нәтижесімен мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттардың 1- қосымшасы бойынша таныстыру.
2. Балабақшаішілік бағалау өлшемшарттарына сәйкес №38 «Аққайың» бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалау қортындысымен таныстыру.

Тыңдалды:

Меңгеруші қызметін уақытша атқарушы – Конырова Лаура
Сәлімгерейқызы комиссия төрайымы бағалау критериларымен таныстыру үшін

Әдіскер Султаналиева Зухра Фаридқызына өз сөзінде:

Бөбекжай-бақша ішінен құрылған комиссия мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарының 1- қосымшасы бойынша бөбекжай-балабақша жұмысын бағалады.

1. Бөбекжай-бақша МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтардың үлесі 100% құрады және «uzdik» бағалауына сәйкес келеді.
2. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік –кеңістік дамытушы орта құру. Бөбекжай-бақша интернет жылдамдығы 20 Мб\с, «zhaqsy» бағалауына сәйкес келеді.

3. Комиссия зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелерін «zhaqsy» деп бағалады.
4. Комиссия көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелерін «zhaqsy» деп бағалады.

Сөз кезегін бөбекжай-бақша меңгеруші м.у.а Конырова Л.С алып, бағалау өлшемшарттарына сәйкес бөбекжай-бақшаның өзін-өзі бағалауымен таныстырып шықты.

Шешім:

1. №38 «Аққайың» бөбекжай-бақшасының бағаланған жұмыстары мақұлдансын.
2. Бөбекжай-бақшаның өзін-өзі бағалауы мақұлдансын.

Комиссия төрайымы:

Конырова Л.С

Комиссия хатшысы:

Тукеева А.Ж

КМҚК №38 «Аққайың» бөбекжай-бақшасы
өзін-өзі бағалау комиссия құрамының зерделеуі негізіндегі
ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

№38 «Аққайың» бөбекжай-бақшасында мемлекеттік өзін-өзі бағалау кезеңінде әдістемелік қызметтің нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды.

Бөбекжай-бақша тәрбиелеу-білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

<https://akkayin.kz/biz-turaly/kuzhattama/>

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға;
- тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (бастапқы, аралық, қортынды) сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспарда ұйымдастырылған іс-әрекеттер айқындалады. (Перспективалық жоспар қоса берілді)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны: физикалық қасиеттер, коммуникативтік дағдылар, танымдық және зияткерлік дағдыларды, шығармашылық дағдылардың, зерттеу іс-әрекеттерін дамытуға негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы іске асырылады.

Оқу-тәрбие жұмысы түзету – дамыту бағытын жүзеге асыра отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленген бағдарламаларға сәйкес жүргізіледі. Олардың арасында тәрбиешілер ғана емес, дене шынықтыру, психолог, саз жетекшісі, іс-әрекетін өткізетін мамандар бар. Мұндағы психолог, дене шынықтыру, саз жетекшісі кабинеттері арнайы жабдықтармен жабдықталған. Бұлардан бөлек бөбекжай-бақшамызда саз залы, интеллектуалды ойындар кабинеттері жұмыс істейді. Бір сөзбен айтқанда, балалардың ой-өрісін дамытуға, денсаулығын нығайтуға барлық жағдайлар жасалған.

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
4-қосымшасы

Бағалау парағы

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы №38
«Аққайың» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны**
(білім беру ұйымының аталуы)

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	36-100%	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	2022-2023ж Жоғары санатты-1 II санатты-3 Педагог-зерттеуші -1 Педагог-модератор -5 Санатсыз-12 50%	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	2022-2023жылдар аралығында – 1 педагог курстан өтті 95 - 99 %	4
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім	95 - 99 %	4

	және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау		
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету.	100%	5
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
			Балдардың жалпы сомасы 40

Бөбекжай-бақша бойынша білім мен тәрбие беру жүйесінің оның сапасын арттыруға бағытталған динамикалық өзгерістерді бақылауға болады. Бұл педагогтардың интеллектуалдық жағынан даму және баланың батыл, өз ойын толық жеткізе алатын, жайдары, кішіпейіл, ақылды, парасатты, білімді болып өсуінің негізгі көрсеткіштерінен, бағытталған мүмкіндіктер барысында тұрады:

-педагогтың білім, іскерлік, дағдыларының негізгі деңгейін игеруде балаларға қоятын талабын жасына қарай және жеке мүмкіндіктерін ескеріп, көлемін ұлғайтып ұйымдастыруға жағдай жасау;

-толық кеңістікті құрып, баланың жеке дамуына кешенді сүйемелдеуді қамтамасыз ету, баланың сөйлеуін, сауат ашу негіздерін меңгерту, денсаулығын

нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыру;

-өз мүмкіндіктеріміздің күшіне сәйкес таңдаған жолдан, қойылған мақсаттан тайынбауға тырысамыз. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытудың стратегияларын жасауға барлық күш-жігерімізді біріктіру қажеттілігін арттырамыз. Осылайша, бөбекжай-бақша қызметінің мақсатына қол жеткізу барысында ұжымдық жұмыстардың тәжірибесі бөбекжай-бақшадағы педагогикалық процестерге қорытынды жүргізуге, оның нәтижелерін алдағы жүргізілетін жұмыстарды іске асыруға, қойылған мақсаттарға жетуге үлкен септігін тигізеді деп білеміз.

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіругі байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді. Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда. Психологиялық және эмоционалдық жағдайды жақсарту, денсаулықтарын нығайту мақсатында көптеген жұмыстарды ұйымдастырады.

Бөбекжай-бақшада тамақтандыруды ұйымдастыру және медициналық қызмет көрсету өз деңгейінде жүргізілді. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған.

Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Педагогтар жаңа инновациялық технологиялар арқылы балаларға білім береді.

Бөбекжай-бақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.

Өзін-өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізілді:

- 1) Бұрынғы қолданыстағы іс-тәжірибені шығармашылық іс-әрекетпен жаңарту;
- 2) Әдістемелік құралдар дайындап оны үдерісінде шығармашылық шеберхана, әдістемелік көрмелер, шығармашылық есеп беру, ашық көріністер, презентациялар арқылы жүзеге асыру.
- 3) Білімді игеруге, біліктер мен дағдыларды меңгеруге бағытталған педагог пен тәрбиеленушілердің бірлескен әрекетіндегі байланысты нығайту, ҮІӨ-н жүйелеу.
- 4) Педагогтардың біліктілік санатын көтеру, кеңестер өткізу.

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№ 38 «Аққайың» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорның мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын қызметінің өзіндік бағалау нәтижесін қорытындылай келе комиссия бір ауыздан келісім бойынша **аттестаттауға** деген ұсыныс береді.

Аттестаттау комиссиясының төрайымы:

№38 «Аққайың» бөбекжай-бақшасы

меңгерушінің м.у.а:

Конырова Л.С - меңгеруші м.а

Аттестаттау комиссия мүшелері: Султаналиева З.Ф – әдіскер

Сейтмуханбетова А.А дене шынықтыру
маманы

Сапарова А.А - тәрбиеші

Жолдыбаева А.М– психолог

Рахметуллина А.Н- тәрбиеші